

2004 жылғы 17 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-қытай ынтымақтастық жөніндегі комитетін құру туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 17 мамырдағы № 393 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2004 жылғы 17 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-қытай ынтымақтастық жөніндегі комитетін құру туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұрат Әбуғалиұлы Нұртілеу 2004 жылғы 17 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-қытай ынтымақтастық жөніндегі комитетін құру туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қойсын, оған қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы 17 мамырдағы
№ 393 қаулысымен
мақұлданған
Жоба

2004 жылғы 17 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-қытай ынтымақтастық жөніндегі комитетін құру туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі

2004 жылғы 17 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-қытай ынтымақтастық жөніндегі комитетін құру туралы келісімнің (бұдан әрі – Келісім) 4-бабы 2-тармағының және 7-бабының негізінде

Келісімге мынадай өзгерістер енгізуге келісті:

1-бап

1. Келісімнің кіріспесінің үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"екі мемлекет халықтарының игілігі үшін Тараптардың түрлі салалардағы мәңгілік жан-жақты стратегиялық әріптестігін ілгерілету мақсатында,".

2. Келісімнің 4-бабының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тараптар Комитет шеңберінде мынадай Кіші комитеттер (бұдан әрі "Кіші комитеттер" деп аталады) құрады:

1) Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі кіші комитет: Қазақстан тарапының үйлестіруші органы: Сауда және интеграция министрлігі; Қытай тарапының үйлестіруші органы: Коммерция министрлігі.

2) Көліктік ынтымақтастық жөніндегі кіші комитет: Қазақстан тарапының үйлестіруші органы: Көлік министрлігі; Қытай тарапының үйлестіруші органы: Көлік министрлігі.

3) Өткізу пункттері арасындағы және кеден ісі саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кіші комитет: Қазақстан тарапының үйлестіруші органы: Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті; Қытай тарапының үйлестіруші органы: Бас кеден басқармасы.

4) Ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі кіші комитет: Қазақстан тарапының үйлестіруші органы: Ғылым және жоғары білім министрлігі; Қытай тарапының үйлестіруші органы: Ғылым және технологиялар министрлігі.

5) Қаржылық ынтымақтастық жөніндегі кіші комитет: Қазақстан тарапының үйлестіруші органы: Ұлттық Банк; Қытай тарапының үйлестіруші органы: Қытай Халық банкі.

6) Энергетика саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кіші комитет: Қазақстан тарапының үйлестіруші органы: Энергетика министрлігі; Қытай тарапының үйлестіруші органы: Мемлекеттік Энергетика басқармасы;

7) Геология және жер қойнауы саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кіші комитет : Қазақстан тарапының үйлестіруші органы: Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі; Қытай тарапының үйлестіруші органы: Табиғи ресурстар министрлігі.

8) Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі кіші комитет: Қазақстан тарапының үйлестіруші органы: Мәдениет және ақпарат министрлігі; Қытай тарапының үйлестіруші органы: Мәдениет және туризм министрлігі.

9) Қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кіші комитет: Қазақстан тарапының үйлестіруші органы: Сыртқы істер министрлігі; Қытай тарапының үйлестіруші органы: Сыртқы істер министрлігі.

10) Теміржол көлігі саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кіші комитет: Қазақстан тарапының үйлестіруші органы: Көлік министрлігі; Қытай тарапының үйлестіруші органы: Бас теміржол басқармасы.

11) Ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кіші комитет: Қазақстан тарапының үйлестіруші органы: Ауыл шаруашылығы министрлігі; Қытай тарапының үйлестіруші органы: Ауыл шаруашылығы және ауылдық істер министрлігі.

12) Инновациялар саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кіші комитет: Қазақстан тарапының үйлестіруші органы: Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі; Қытай тарапының үйлестіруші органы: Ғылым және технологиялар министрлігі.".

2-бап

1. Осы Хаттама қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

2. Осы Хаттаманың қолданысы Келісім қолданысының тоқтатылуымен бір мезгілде тоқтатылады.

2024 жылғы " ____ " _____ қаласында әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндер бірдей теңтүпнұсқалы болып табылады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Қытай Халық
Республикасының Үкіметі үшін*